



ТУҒАН ТІЛ №1 (42), 2020

ЕЛАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-СЯСИ,  
ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ АЛЬМАНАХ

# РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Ғалымжан МЕЛДЕШОВ

БАС РЕДАКТОР  
Зауытбек ТҮРҮСБЕКОВ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ  
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА  
Смағұл ЕЛУБАЙ  
Сұлтанәлі БАЛҒАБАЙ  
Ауыт МҰҚИБЕК  
Амангелді ҚОЖАБЕК  
Айнагұл КӨКЕН

Бабақұмар ХИНАЯТ (*Мажарстан*)  
Сұраған РАХМЕТ (*Монголия*)  
Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ (*РФ, Орынбор*)  
Садыков ТАШБОЛАТ (*Кыргызстан*)  
Махамбет ЖҮСПОВ (*Өзбекстан*)  
Роза БАҚБЕРГЕНОВА (*Түркия*)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ  
Аягұл ОМАРОВА

МЕНИШК ИЕСІ: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті  
Альманах Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,  
2007 жылғы 23 шілдеде №8514-А күелігі берілген.

## МАЗМУНЫ

<b>ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы .....</b>	<b>3</b>
<b>АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ</b>	
<b>Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақтың бас ақыны .....</b>	<b>5</b>
<b>Ahmet Baitursynuly. Qazaqtyń bas aqunu.....</b>	<b>10</b>
<b>حمدت بaitورسن ۋلى. قازاقىنىڭ باس اقنى .....</b>	<b>14</b>
<b>Prof. Dr. Ercan ALKAYA. Абай Құнанбаев туралы Түркиядағы ғылыми жұмыстар .....</b>	<b>22</b>
<b>АЛАШ ТУЫ АСТЫНДА</b>	
<b>Орынай Жұбаева. Тұрағұл Абайұлының өмірі мен шығармашылығы .....</b>	<b>26</b>
<b>Аман Мәделханұлы Абасилов. Мұстафа Шоқай естелігінің тілдік, стильдік және танымдық сипаты .....</b>	<b>32</b>
<b>ҚАЗАҚТЫҢ ҚӨШПЕЛ ТАҒДЫРЫ</b>	
<b>Талапбек Тынысбекұлы. Мен көрген Иран .....</b>	<b>46</b>
<b>تالابек تنسبيك ۋلى. مەن كورگەن بىران .....</b>	<b>54</b>
<b>Әділет Ахметұлы. Гималайдан асқан көштің күэгері– Файни апанаңың әңгімесі.....</b>	<b>66</b>
<b>Ádilet Ahmetuly. Gimalaıdan asqan kóshtiń kýágeri– Óainı apanuń ángimesi.....</b>	<b>71</b>
<b>ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ АХУАЛЫ</b>	
<b>Жаңалықтар .....</b>	<b>75</b>
<b>Jańalvətar .....</b>	<b>76</b>
<b>جاكىلىقتار .....</b>	<b>77</b>
<b>Сәүле Совхозқызымен сұхбат.....</b>	<b>78</b>
<b>Sáýle Sovhozqyzymen suhbat.....</b>	<b>80</b>
<b>ساؤلە سوؤحوز قىزىمەن سۇھبەت .....</b>	<b>82</b>
<b>ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ</b>	
<b>Асқар Жұбанов, Дархан Тоқмырзаев, Құнсұлу Пірманова. Қазақ тілінің мәтіндер корпусы – қазақ тілін зерттеудің жаңа (парадигмасы) үлгісі .....</b>	<b>84</b>
<b>Айнүр Ахметова. Отандық цифрлы әдебиет және көркем туындылардың цифрлану үдерісі.</b>	<b>90</b>





## Орынай ЖҰБАЕВА

Филология гылымдарының докторы

# ТҰРАҒҰЛ АБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫГАРМАШЫЛЫГЫ

Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақ тарихында казак ұлатын ештеңе жоқ... Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады», – деген еді. Үрпаққа үлгі етіп, ұлттық рухты оятуда еңбектерін негіз етуге болатын тұлғалармыздың бірі – қоғам қайраткері, абайтанушы, аудармашы, ғалым Абайұлы Тұрағұл.

Тұрағұл Абайұлы 1875 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында туған, Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Бастапқыда ауыл молдасынан оқып, сауат ашқан, кейін орысша да оқыған. Ниязбек Алдажаров «Абай туралы әңгімелер» атты мақаласында Тұрағұлдың орысша, қазақшаға жүйрік болғанын айта келіп, Көкбай Жанатайұлының естелігін көлтіреді: «Абайдікіне келген орыс досы сол Тобықты ішінде Мамай руына бармақ болды. Абай қасына мені қосып жіберді. Тұраш та ере шыққан. Ауылдан шыға бере әңгімеге кірістік, орыс

ортамызда, мен өзімше «орысшага тәуірмін гой» деп сөйлесе бастаған соң Тұрағұл да арапасты. Орыс тілін «білгіш» мен елеусіз қалып, қонағымыз Тұрағұлмен сөйлесіп кетті. Сөйтсем, ол орыстың жазушыларын біледі еken. Ақырында мен жанторсық сияқты босқа салақтап барып қайттым. Тұрағұлдың орысшага жетік еkenін бірінші рет естіп, таң қалдым» [1].

Әкесі, агалары – Оспан, Әbdірахман, Мағауия қайтыс болған соң Тұрағұл Абайұлы 1904 жылы болыс сайланған. 1905 жылы өз еркімен болыстықтан босаған.

Бала кезінен әкесі – Абайдың қолында өскендіктен, Абай шығармашылығын, қай өлеңі қандай себеппен жазылғанын жақсы білген. Сондықтан 1909 жылы немере ағасы – Кәкітай Ысқақұлымен бірге Абай Құнанбайұлының тұңғыш өлеңдер жинағын құрастырған. Әлихан Бекейханға Абайдың өлеңдерін, өмірбаяны туралы деректерді тапсырған. 1905 жылы «Семипалатинский

листок» газетінде (№250-252, 1905), 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела РГО» (1907, №3) деген басылымдарда жариялаган «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» атты мақаласында Әлихан Бекейхан: «Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из «Евгения Онегина»), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Турагулом и в непроложительном времени будут изданы Семипалатинским Подотделом императорского РГО под редакцией А.Н.Бекейханова», – деп жазады [2].

Тұрағұл абайтану ғылыминың қалыптастыруына өлшеусіз үлес қосып, ақын өлеңдерінің текстологиясының дұрыс сақталуына, әкесі туралы деректердің кейінгілерге жетуіне атсалысқан. М.Әуезовке жазып берген «Әкем Абай туралы» атты естелігі [3] 1933, 1940 жылдары Абай шығармалар жинағында жарияланған. Мұхтар Әуезов Абай туралы жазбаларында Тұрағұлға сілтеме жасап отырады.

Ұлтын сүйген Тұрағұл Абайұлы елдің болашағы үшін қажет істерге, Алаш қозғалысына белсene атсалысқан, Әлихан Бекейхан, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытұлы, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезов, т.с.с. алаш зиялдыларымен жақын араласқан. 1916 жылы майданның қара жұмысына аттанған жігіттер жарақат алған не науқастанған кезде орыс тілін білмеуіне байланысты қазақтың оқыған, тіл білетін азаматтары тілмаш ретінде еңбек еткен. «Қазақ» газетінің 221-санында Әлихан Бекейхан жариялаған тілмаш жігіттердің тізімінде Тұрағұл Абайұлының да аты-жөні көрсетілген.

1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ сійезіне қатысқан, «Алаш» партиясының Семейде ашылған облыстық комитетіне мүше болып сайланған. «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 18 желтоқсанындағы 255-санында: «Екінші жалпы қазақ-қыргыз сійезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына ав-

тономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алаш ордасы 5-ғинуарда Түркістан шаһарында Сырдария облысының сійезін шақырады. Сійезге болыс басы бір өкіл келсін. Мұстафа һәм жолдастары бұл сійезді 10-ншы ғинуарға шақырған еді. Оны өзгертін, 5-інде болсын делінді. Түркістан қазақтарымен сөйлесуге Алаш ордасы Бақыткерей Құлмановты, Мирякуб Дулатовты һәм Тұрағұл Құнанбаевты жібереді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан шакырылған өкілдер сійезге айтылған күннен қалмай келулері көрек», – делінген.

1922 жылы Әлихан Бекейхан, Міржақып Дулатовтартмен бірге тұтқындалып, төрт айдай қамауда болады. Кейін Ақшоқыдағы атақонысына кетіп, біржола шығармашылықпен шұғылданбақ болады. Орыс әдебиетін терең менгерген қайраткер көркем аудармамен де, ғылыми аудармамен де айналысқан. А.М. Горькийден аударған «Челкаш» атты әңгімесі 1925 жылы М.Әуезов редакторлық еткен «Таң» журналының бірнеше санында жарияланған. Сондай-ақ А. Неверовтің «Ортақшыл Мария», «Мен өмірге жерікпін», Джек Лондонның «Баланың ерлігі», Болеслав Прустың «Антек қыран» әңгімелерін де қазақ тіліне шебер аударған. Көркем аудармадан бөлек А. Бельцерден «Қолдағы малдардың, құстардың құрт ауруы болмағы жайы» (1926), С.П. Пиридолиннен «Мал шаруасының насиҳаттары» (1926), Г.Сперанскийден «Балалы әйел не білу керек» (1927), т.с.с. медицинаға, малшаруашылығына қатысты ғылыми әдебиетті де тәржімалған. Мәскеудегі КСРО халықтары Кіндік баспасынан шыққан көптеген аудармаларында Тұрағұл өзінің аты-жөнін көрсете алмаған кездері де болған. Сондай-ақ Тұрағұл Абайұлының Джек Лондоннан тәржімалған «Мартин Иден» атты романының қолжазбасы сақталмаған. «Алладан мен қана боп, тілеген күн», «Хат», «Әбішке», «Жауап хат», т.б. өлеңдер жазған

## АЛАШ ТУЫ АСТЫНДА

[4]. Аударма ісіне маманданбаса да, Тұрағұл дарыны, еңбекқорлығы нәтижесінде классикалық аударма үлгісін жасаған.

Алайда кенес үкіметі Тұрағұл Абайұлының шығармашылықпен айналысұна мүмкіндік бермей, 1927 жылы қайта тұтқынданды. Семей округтік комиссиясының 1928 жылдың 19 қарашасындағы қаулысы бойынша бір топ ауқатты адамдармен бірге Тұрағұл Абайұлы да жазықсыз кәмпескеге ілініп, бүкіл отбасымен Шымкентке жер аударылады.

Шыңғыстау ауданы Семей округінен жер аударылған Тұрағұл Ибрағимовтың 1928 жылдың 28 қаңтарында Бұқілресейлік Орталық Атқару комитетінің төрағасына жазған арызы ҚР Орталық Мемлекеттік архивінде [5] сакталған. Онда кәмпескеге заңсыз ілініп отырғанын: тізім шанырақ көтеріп, бөлек тұратын ұлы – Зубайдың мал-мұлкімен бірге есептеліп отырғанын, мал саны 300-ден асатын ауқатты адамдарғана кәмпескеге ілінетіні туралы арнайы қаулы болса да, бұл мөлшерден он есе аз, хан тұқымына жатпайтын, орта шаруа санатындағы отбасының кәмпескеге ілініп отырғанын, декретке сәйкес берілген азын-аулақ қаражат Шымкентке жеткенше жолда түгесілгенін айта келіп: «Существование мое ни чем не обеспечены к тому жена и сын больные туберкулезом. Резкое климатические отличие вселенного места отражается не благоприятно даже физически здоровым, больным это смерть, здоровье же ухудшается. Живу сейчас распродажей одежды, дальнейшем обречены на холод. Экстремная отправка непозволила мне реализовать не тронутые конфискацией вещи, разрешение на распродажу не давалось там и здесь».

Нас наделяют землею. Отсутствием земледельческих орудий и средств обработки таковой нашел бесполезен. Физическое существование обеспечить невозможно, если не будет помочи извне. Мне до сего времени неизвестно и мне необъявлено по какой статье я выселен и конфискован. Выселение

с семейством срочные или бессрочные, тоже неизвестно. При конфискации были извращения декрета, конфисковался седло и ковер, находящийся в употреблении, по декрету конфискации не подлежащие. Извращение законоположений Семипалатинскими властями в прошлых компаниях, никому не секрет, и я являюсь жертвой их извращений и ошибок. На исковании изложенного прошу отменить мое выселение как бедняка, выселение их моего семейства раздельного сына Зубира, обеспечить физическое существование семейства. Последующее уведомите Сыр-Дарынскому окрисполку г.Чимкент К.А.С.С.Р.», – деп жазады.

Хаттан байқап отырғанымыздай, кәмпеске барысында шолақ белсенділер асыра сілтеп, Тұрағұл Абайұлының кілемі мен ер-тоқымына дейін тартып алған.

Кейін Тұрағұл әuletінің жағдайы күннен күнге нашарлай береді. Тұрағұлдың үлкен қызы – Ақылия естелігінде Мұхтар Әуезов пен Тұрағұл Абайұлы соңғы рет 1933 жылы кездескенін айта келіп, Мұхтар Әуезовтің үйінде совнарком бастығы – Ораз Исаевқа: «Балаларым жоқ, өзіме жұмыс бермейді, рұқсат жоқ. Аудармаларым басылмайды. Қалай күн көрем, не істеуім керек?», – деп өзінің ахуалын баяндап, хат жазғанын, алайда О. Исаев: «Әзір ештеңе дей алмаймын. Кейін көрерміз», – деп жауап қайтарғанын жазады [6].

Жазықсыз қаралау, кудалау салдарынан қоғам қайраткері, ақын, аудармашы, абайтанушы, публицист Тұрағұл Абайұлы дертке шалдышып, 1934 жылдың 6 наурызында қайтыс болады. Тұрағұлдың зираты жайында қызы Мәкен (Магрипа): «Тұраш ағам 1934 жылы 6 наурыз күні 59 жасында қайтыс болды. Шымкент қаласының орталығындағы мұсылман зиратына жерленді. Кейін сол зираттың үстінен химзавод салыныпты. Завод салынар алдында Тұраш ағаның сүйегін алатын жанашыр жақыны болмай, завод астында қалды. Ол кезде біз Шымкенттен ауысып, басқа жаққа кеткен болатынбыз», – деп жа-

зады [6].

Абайдың дарынды ұлдарының бірі, шебер аудармашы, қоғам қайраткері, ұлтын сүйген Тұрағұл Абайұлының еңбегі ұзак уақыт көпке беймәлім болып келді. 1993 жылы Тұрағұлдың өлеңдері мен «Челкаш» атты аудармасы «Әкем Абай туралы» естелігі, зерттеу мақаласы «Абайдың ақын шәкірттері» жинағында жарық көріп, сол жылы «Әкем Абай туралы» естелігі Б.Байғалиевтің құрастыруымен жеке кітапша болып шықты.

2018 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық мемлекеттік архиві мен Л.Гумилев атындағы ЕҮУ «Алаш» ғылыми-зерттеу институты бірлесіп, Тұрағұл Абайұлының шығармалар жинағын бастырып шығарды [7]. Кітаптың жарық көруіне әсіресе алаштанушы ғалым, Л.Гумилев атындағы ЕҮУ «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD Сұлтан Хан Аққұлының еңбегі зор болды. Жинаққа Тұрағұл Абайұлының А.М. Горькийден аударған «Челкаш» атты әңгімесі, Джек Лондоннан аударған «Баланың ерлігі», А. Неверовтен аударған «Мен өмірге жерікпін», «Ортақшыл Мария», Г.Н. Сперанскийден «Балалы әйел не білуі керек?», А.Б. Белицерден «Қолдағы малдың, құстардың құрт ауруы болмағының жайы», Пиридолин С.П. «Мал шаруасының насиҳаттары» т.с.с. аудармалары, «Әкем Абай туралы» естелігі енді. Жинаққа енген шығармаларына қысқаша тоқталып өтсек:

«Баланың ерлігі» – Тұрағұл Абайұлының Джек Лондоннан аударған әңгімесі. 1927 жылы Мәскеудегі КСРО халықтарының кіндік баспасынан жарық көрген. Әңгіменің екінші атын жақша ішінде «Эскимос елінің тұрмысынан алынып жазылған әңгіме» деп береді де эскимос халқы туралы қысқаша сипаттама береді: «Ескіймос: бұрынғы заманда аңшылық бен барып қалған сары тұқымнан таралған ел, бүгүн сол темір қазықтың астында – әмісे қыс болып қар басылып жататұн жерде. Үйі қардан болады. Тे-

резесі мұздан, дәулеті аңдардың еті, қайғысы қарны болып жүрген ел».

Одан бұрын Құннің Жерді айналмайтыны, керісінше, Жердің Күнді айналатыны, Жердің домалақ екені, күн мен тұннің алмасуы, экватор, полюс, қай жерлерде ыстық, қай жерлерду сүйк болатынын айта келіп, Қазақ даласының қай жерде тұрганы, Темірқазықтың астына қарай жүре берсе (қазақ жүлдізға қарап бағдарлаған фой) сүйі беретіні, Африкада не себепті өте түсінікті тілмен жеткізілген. Коммуникативті грамматика ұстанымдары тұрғысынан айтар болсақ, бұл жерде Тұрағұл Абайұлы оқырманың аялық аялық білімін, адресат-адресант факторын ескергенін көреміз. Сол себепті сөзінің басын: «Бұл кітепшені оқыушы алаштың баласы, жалпы алаш баласына ескіймос деген елдің жәйі мәлім емес шығар, қысқаша сезім бергенім артық болмас деп, мына төмендегі сөзді жаздым», – деп бастайды.

«Әнтек қыран» – Б.Прустан тәржімалаган атты әңгімесі. Бұл да «Баланың ерлігі» деген жинақта берілген. 1927 жылы Мәскеудегі КСРО халықтарының кіндік баспасынан жарық көрген жинақтың көлемі – 40 бет. Таралымы – 5000 дана.

«Мен өмірге жерікпін» – Тұрағұл Абайұлының А. Неверовтен тәржімалаган әңгімесі. Бұл кітап та 1927 жылы Мәскеудегі Кіндік баспадан шыққан. Таралымы – 4000 дана.

«Ортақшыл Мәрійә» деген әңгіме де А. Неверовтен аударылған. Бұл әңгіме де «Мен өмірге жерікпін» атты жинақта берілген.

«Шелкаш» – Тұрағұл Абайұлының М. Горькийден аударған әңгімесі. Әңгіме «Таң» журналының 1925 жылғы 4, 5-сандарында жарияланған. XX ғасырдың басында Мағжан Жұмабаев та М. Горькийдің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, орыс жазушысы тарапынан ерекше жоғары бағаланғаны белгілі.

«Балалы әйел не білу керек» атты Г.Н. Сперанскийден тәржімалаган кітабы 1927 жылы КСРО халықтарының кіндікбаспасынан шыққан. Таралымы – 4000 дана.

## АЛАШ ТУЫ АСТЫНДА

Кітап қазаққа өте түсінікті, жеңіл тілмен аударылған. Жазушыдан деп берілген түсінігінде: «Қазактың даласы, кірістійеннің қаласы аз-маз ойанып келеді. Қанша заманнан бері қараңғылықта қалған солардың өміріне де бала асырау тұуралы жарық еніп келеді. Қазақ пен кірістійеннің әйелдері де жалпы адам мен бірдей адам екендігін, күң емес екенін сезді. Бұл сезім әрійне қоңілі ойау, жас жігерлі әйелдерде көп. Жас ана қайтсе баласының өлмегенін тілеп, дені сау адам болмағына тырысып, доғдырдан баланы қалай асырауды сұрап, дәрігерлерге жолықан сайын сол тұуралы әңгіме қозғайды. Мұндай талапты әйелге, әрійне, көмек қолымызды созыуға, ұзақыт пен пайдаланып, ел арасына ғылым таратыуға, ескілік пен өзінше алдысыуға кіріскемесінде жігерлі әйелді қолтықтауға, күш көмегімізді көрсетіуге біз, әрійне, міндептіміз», – делінген. Яғни Тұрағұл Абайұлының оқырман факторын ескере отырып, қазақ әйелінің таным-түсінігіне, қабылдауына лайықтап аударғаны байқалады. Тіпті өлшем атаулары да қазақша: «Бала ай сайын 11/2 қадақ не 11/4 қосады. Жұмасында 3/8 қадақ қосады» т.б.

«Бұл кітеп баланы қалай тәрбіе етіуді, қалай асырауды үйретпек. Қандай нәрседен балаға ауырыу ұшырап әрісі өліп, берісі кем адам болады, соның жайын айтпақ», – дей отырып, бала күтіміне қатысты мәлімет былайша жіктелген: «Қалай үйретсек солай болады», «Сыйырдың сүті мен асыраудың жолы», «Әсіреле баланың тазалығын қарастыр», «Қоспалап жасаған тамақ», «Баланың өлшеуі», «Баланы қалай күтіу керек», «Баланы қалай кійіндірген жөн», «Баланың төсегі», «Баланы әуеге алып жүрудің жөні», «Баланың денінің саулығының белгісі».

«Балалы әйел не білу керек» атты кітаптағы ұстанымдар М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» қағидаттарға өте ұқсас келеді: «Балаға бос емізік емізбе. Жыламасын деп тербетпе. Баламның неден жылағанын біліп, содан құтқар. Аузына бос емізік тықпа. Тербетіп басын айландырма. Бос емізікті емемін деп әлек болады да залал табады.

Екінші емізік кір болады да баланың аузын кірлетеді. Баланы іш нәрсе мен жұбатыудың керегі жоқ. Баланың қарыны тоқ, дені сау болса жыламайды. Жыласа да өзінен өзі ұуанады... Еш қашан баланы тербететүн не шайқайтүн бесікке салма. Ол балаға залалды. Тербетпек балаға залалды болғанның үстіне жаман әдеттендіреді. Тербеткеннен баланың басы айланып есі шығады» т.с.с. Кітаптың тілі қазаққа өте түсінікті, қазакы танымға лайық. Тек суреттеріне қарап қана аударма екенін анғаруға болады.

«Қолдағы малдың, құстардың құрт ауруы болмағының жайы» атты кітабын А.Б. Белицерден тәржімалаған. Кітап 1926 жылы Семейдегі губерниялық баспадан шыққан. Тарапымы – 2000 дана. Кітаптың басында «Құрт ауруу я түберкүлез деген не?» деген тақырыппен аурудың сипаты, қалай жұғатыны т.с.с. туралы ғылыми-танымдық материал берілген: «Бұл түберкүлезде басқа жұқпалы дертерше адамның денесіне дарып, көбейіп өсетін кішкене тірі жәндіктер – мекірөб деп аталады. Мың есе ұлғайатұғын айна мен қарағанда – жіп-жіңішке тайақша болып көзге ілінеді. Осы мекірөб – түберкүлез атансып отырған дерттің йесін – алғаш 1882-інші жылы неміс жұртының әлімі «Рөберіт Коқ» деген адам тапқан. Сондықтан көбінесе Коқоптың тайақшасы депте атайды. Немесе «түберкүлездің тайақшасы» деп атай салады». Бұл жағынан Тұрағұлдың ұстаным, микроб, микроскоп, дертті анықтаған ғалымдар туралы ой-түсініктерінде дәрігер, қофам қайраткері Ахмет Мамытұлының еңбектерімен үндестік байқалады.

Кітапта сиырдың, жылқының, қой мен ешкінің, ит пен мысықтың, құстардың қалай түберкүлез болатыны, ол адамға қалай жұғатыны, оған қандай шара қолдану керектігі, малды түберкүлезден сактау шаралары егежей-тегжейлі көрсетілген. Кітаптың сонында «Байлаулар» деген тақырыппен кітаптағы бүкіл ой қорытылып, тұжырымдалып берілген: «Осы айтылғандардың бәрін жақсы, берік ұғыныу керек.

1) Түберкүлез я құрт дерті – жүқпалы дерт.

2) Құрт дерті жалғыз адамдарға ғана жүқпайды, қайыуандарға да жүғады.

3) Адамға адамнан да, малдардан да жүғады.

4) Құрт дерті көбінесе қақырықтан, түкіріктен жүғады. Түберкүлез болған малдың етін жете пісірмей жесе де, сүтін шійкі ішсе де жүғады.

5) Құрт болып ауырған адам жазылыуға болады. Егер ертерек емделсе (құрт болып ауырған адамдарға арнап шығарған кітаптарды оқы).

6) Ауырған малды сойып тастайтұғын кезі бар.

7) Малды жақсы кара, таза ұста, дұрыстап жемін бер.

8) Егер ауыру ма деп ойласаң, мал дәрігерін шақырып, ақылдастып, дерттің басқа малға, адамға жүқпас амалын істе.

9) Ауырған малды сау малдан бөл, науқасы қай науқас екенін дәлелдеп білгенше.

10) Мал мен құстың қораларын дерт білінген соң тазартып жұуып, желге қақзып, жаңа ізбес пен агартып сылап, жүқпалы дерт жоғалғандай қылышп дәрілеп тазарт».

ХХ ғасырдың басында алаш зиялымары ел ішін жайлаған індегінен құтқарудың жолдарын іздестіріп, жан-жақты ізденгені, елге пайдалы әдебиеттерді таратуға тырысқаны байқалады.

«Мал шаруасының насиҳаттары» атты кітапшасы С.П. Пиридолиннен аударылған. Бұл кітап та 1926 жылы Семейдегі губерниялық баспадан шыққан. Кітапта Ресей еліндегі соғыстар, Еділ бойындағы ашаршылық салдарынан 1916 жылмен салыстырғанда 1921 жылы 23%-ға кеміп кеткені кесте түрінде көрсетілген (жылқы 31 мүлійен бастан 23 мүлійенге, сыйыр 49 мүлійеннен 22 мүлійенге, қой, ешкі 81 мүлійеннен 57 мүлійенге дейін кеміп кеткені көрсетілген. Ал қазак даласында одан да көп қырылғаны белгілі. Кітапта малды қалай күту керектігі, тұқымын қалай асылданыруға болатыны, сүтін молайту үшін не істей керектігі егжей-тегжейлі сипатталған. Бұл

кітапты аударуда қазактардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы болғандықтан, үйреніп, білуі қажет мағлұматтарды жеткізу, қазақтың тұрмысын, әл-ауқатын көтеру мақсатынан туындаған. Мұнда бүтінгі таңда да ескеретін насиҳаттар баршылық.

Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігі абайтану ғылымына қосылған сүбелі үлес саналады. М. Әуезовке жазып берген естелігі 1933, 1940 жылдары Абай шығармалары жинағында, баспасөз беттерінде жарияланған. 1993 жылы «Абайдың ақын шәкіртері» атты жинақта, Б. Байғалиевтің құрастырған кітапшада базылды. Сондай-ақ қысқаша нұсқасы 2010 жылы «Аңыз адам» журналының 5-санында жарияланды.

Фалымның бұдан басқа еңбектерін әлі де түгендеп, жинақтау қажет. Тұрағұл Абайұлының еңбектеріне текстологиялық зерттеу жүргізіп, аудармашылының сөзді қолдану ерекшелігін, өзіндік жазу мәнерін нақтыладап, кезінде авторы көрсетілмеген еңбектерін де анықтау қажет. Әдебиет тарихында, қазақ ғылымында, аударма ісінде өзіндік орны бар тұлға ретінде Тұрағұл Абайұлының еңбектері арнайы зерттеу нысаны болуға әбден лайық.

#### **Пайдаланылған еңбектер:**

1. Ниязбек Алдажаров Абай туралы әңгімелер //Жұлдыз. - 1992. - №1. - 95-б.
2. Еспенбетов А. Тұңғыш жинақ Абайтанудың алғашқы қарлығашы // Абай. - 2009. - №3. - 6-10-б.
3. Тұрағұл Құнанбаев Әкем Абай туралы [электрондық ресурс] // Абай әлемі: <http://abaialemi.kz/kz/post/view?id=113>(07.02.2017)
4. Қазақстан. Ұлттық әнциклопедия. - Алматы, 2006. - 8-том. - 528-б.
5. ҚР Орталық мемлекеттік архиві. - 135-кор, 1-тізбе, 174-іс. -2-3-б.
6. Абайдың құғын-сүргін көрген ұрпақтары //Айқын. - 2019, 29 мамыр.
7. Тұрағұл Абайұлы Шығармалары. - Астана, 2018.



## **Аман АБАСИЛОВ**

*Корқым ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, филология гылымдарының кандидаты*

## **М. ШОҚАЙ ЕСТЕЛІГІНІҢ ТІЛДІК, СТИЛДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Бұғінгі таңда мемуарды, оның ішінде естеліктерді тек тарихи және әдеби жағынан ғана емес, лингвистикалық қырынан қарастыруға да ерекше мән беріле бастады. Бұл әсіресе лингвистиканың антропоцен-тристік бағытындағы адамның ойлауы мен болмысы, әлеуметтік ортаны танып білуі мен ақырат дүние туралы білімінің санада бейнеленуін қарастыратын когнитивті зерттеулердің нысанына айналуда.

Когнитивті лингвистика естелік авторының жеке шығармашылық болмысын, оның қоғамдағы рөлін, сонымен қатар ол өмір сүрген ортандың дүниетанымын, мәдениетін, тарихын т.б. типтік белгілерін қарастырғанда дәстүрлі лингвистиканың жетістіктерін: тілдік құрлдарды қолданудың лексика-семантикалық, грамматикалық және стилистикалық мәселелерін де қамтиды. Сонда ғана естелік тіліндегі тілдік қолданыстардың қыр-сыры жан-жакты ашылып, автордың өзіндік тілдік қолданыстары мен тіл жұмсау шеберлігі айқындалады.

Естелік жанрына тән қасиет – автобиографиялық сипат. Естелік жазушы өзінің көр-ген-білгенін, күә болған оқыфаларын өзінің өмірімен байланыстыра отырып, қорытынды жасайды. Естелігін бірінші жақта баяндай отырып, өзі күә болған оқығаға немесе саяси жағдайларға баға береді, өзі өмір сүріп отырған қоғамға деген көзқарасын білдіреді. Осының барлығы айналып келгенде өмірлік тәжірибе мен дүниетанымға байланысты [1]. Олай болса, естелік тілін зерттеу барысында автордың баяндаушылық шеберлігіне және тілдік құралдардың мүмкіндігін қанша-лықты пайдаланғандығына талдау жасалып, өзіндік ерекшелігі көрсетілуі қажет. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз Мұстафа Шоқайдың «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегіндегі тілдік бірліктердің (ономастикалық атаулардың, лексика-фразеологиялық бірліктердің және кейбір грамматикалық формалардың статистикалық, семантика-стилистикалық, контекстік, концептік) жұмсалымына жекелей тоқталып, автордың тілдік құралдарды қолдануының стилистикалық және танымдық ерек-